

Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің құшін жоятын конвенция (Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) ережелерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 сәуір N 545.

Гаага қаласында 1961 жылғы 5 қазанда жасалған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің құшін жоятын конвенция ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Гаага қаласында 1961 жылғы 5 қазанда жасалған Шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің құшін жоятын конвенцияның 1-бабында көрсетілген ресми құжаттар қосымшаға сәйкес, сол құжаттарға апостиль қою жолымен куәландырылады деп белгіленсін.

2. Апостиль қою бойынша өкілеттіктерге ие ұйымдар ретінде мына мемлекеттік органдар айқындалсын:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі – әділет, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан және өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – көші-қон полициясының құрылымдық бөліністерінен шығатын ресми құжаттарға, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнайы мемлекеттік архивінен және оның аумақтық бөліністерінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне;

Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі (келісу бойынша) – сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінен шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратуrasesы (келісу бойынша) – прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне.

Көрсетілген органдар апостиль қою жөніндегі өкілеттіктерді өздерінің аумақтық органдарына беруге құқылы.

Ескеरту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.09.2023 № 815 қаулысымен.

3. Жоғарыда аталған мемлекеттік органдар заңнамамен белгіленген тәртіппен бір айлық мерзімде:

мемлекеттік органдардың өздерінің міндеттері мен функцияларын реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін;

апостиль қою тәртібін және шарттарын белгілейтін бірынғай ережені әзірлесін және бекітсін;

апостиль қою жөніндегі функцияларды орындауға уәкілетті адамдар мен оларды ауыстыратын адамдар тобын айқындасын;

апостиль мөртаңбасын дайындау жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Конвенция депозитарийі - Нидерланды Корольдігінің Сыртқы істер министрлігіне апостиль қою құқығы берілген органдар туралы хабарласын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, апостиль қойғаны үшін алымдар алу мөлшері мен тәртібі туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір айлық мерзімде енгізсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 24 сәуірдегі N 545

қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаның орыс тіліндегі мәтіні жаңа редакцияда жазылды, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді - ҚР Үкіметінің 19.09.2023 № 815 қаулысымен.

APOSTILLE

(Convention de la Haye du 5 octobre 1961)

1. Ел: Қазақстан Республикасы

Pays, Country

Осы ресми құжатқа,

Le present acte public, This publi document

2. _____ қол қойды

a ete signe par, has been signed by

3. _____ ретінде

агиссантен qualite de, acting in the capacity of

4. _____

мөрімен/мөртаңбасымен бекітілді

est revetu du sceau/timbre de, bears the seal/stamp of

Күәландырылды, Atteste,

Certified

5. _____ 6. _____ күні

a, at le the

7. кіммен _____

par, by

8. sous N _____

9. Мөр/мөртаңба 10. Қолы _____

Sceau/timbre, Seal/stamp Signature

Ескерту. Гаага қаласында 1961 жылғы 5 қазанда жасалған шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын конвенцияда апостиль мөртаңбасының нысаны кемінде 9x9 см. мөлшеріндегі шаршы түрінде көзделген.

Апостиль мөртаңбасы мәтінінің қарпі оның таңбалануы мен оқылуының қолайлылығы үшін оның алаңы шегінде ұлғайтылатында 13x13 см. мөлшерде болғаны жөн.

Атқарылу тілін, мәтінін және оның мөртаңбада орналасу ретін өзгертуге болмайды.

Мөртаңба мәтіні тек қана Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде толтырылады.